

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Бестөбе кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Педагогикалық кеңестің
хаттамасы

«31» мамыр 2023 ж

Төр аға – Мағзумова К.Т.

Хатшы – Белгибаева М.А.

Қатысты: 38 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. 9-сынып оқушыларын мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға жіберу туралы.
2. 11 сынып оқушыларын мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға жіберу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп басшысы Мағзумова Культай Тлеугабыловна педагогикалық ұжымды Ақмола облысының білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 172 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында және Степногорск қаласының білім бөлімінен 2023 жылғы 19 сәуірінде келген № 171 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін;
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2023 жылғы 31 мамыр;
 - 2) 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары – 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін;
 - 3) 11 сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін;
 - 4) Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) сынып білім алушы оқушылары үшін:
 - 1) Қазақ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) Орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша

жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)
– 2023 жылғы 9 маусым;

- 4) Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша) ағылшын тілі, информатика) емтихан – 2023 жылғы 13 маусым;

11 сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақ тілі (оқыту тілі) жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
- 2) Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
- 4) Қазақ тілінде оқытатын мектерде \сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;
- 5) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физик, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша) ағылшын тілі, информатика) – 2023 жылғы 19 маусым;

Сөз сөйлегендер: 9,11 сынып жетекшілері Уразов Е.У., Абенев К.К.

2022-2023 оқу жылындағы 9 сынып оқушыларының үлгерімі, білім сапасы және сабаққа қатысу қорытындылары туралы ақпарат берген сынып жетекші.

Тізім бойынша-43 оқушы.

Аттестатталды-43 оқушы.

Сыныптағы үлгерім 100%

9 А білім сапасы – 66,7% құрады. 9 Ә 47 % құрады.

Сөз сөйлегендер: 11-сыныптың сынып жетекшісі Каушева Айгуль Каиргельдиновна, ол 2022-2023 оқу жылындағы 11-сынып оқушыларының үлгерімі, білім сапасы және сабаққа қатысу қорытындылары туралы хабардар етті.

Тізім бойынша-25 оқушы.

Аттестатталды - 25 оқушы.

Сыныптағы үлгерім: 100% білім сапасы – 72 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Негізгі жалпы білім беретін сыныптар үшін (мемлекеттік қорытынды аттестаттауға) 9-сыныптың 43 білім алушысы жіберілсін және 11 сыныптың 25 оқушысы жіберілсін.

Төраға:  К.Мағзумова

Хатшы:  М.Белімбаева

